

**«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ  
Қоғамдық кеңестің отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

№ 5

2024 жылдың «11» қараша

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/14 үй.

Қоғамның Қоғамдық кеңесінің (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес) отырысы ZOOM конференцбайланысы арқылы өткізіледі, сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/89646510343?pwd=Gj1TwcywTelmbpwgiN8ilouayj1jDp.1>.

**Отырыска қатысқандар:**

Қоғамның Қоғамдық кеңесі келесі құрамда:

- коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардың өкілдері:

1. Берден Инжумаржан Мысыргалиқызы
2. Бисембина Динара Аскаровна
3. Боровая Наталья Алексеевна
4. Калкабаев Азамат Муратбекович
5. Нуркебаева Асель Болатовна
6. Нұрлышбаев Нұркен Аргинқазыұлы
7. Оспанова Гульден Джетысовна
8. Салимова Вагида Вилиновна
9. Сапакова Динара Борисовна
10. Тикенов Еркин Амангельдинович

- «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ өкілдері:

11. Сержанұлы Даниел
12. Устимиров Ильяс Нурланович
13. Жансаитов Рустем Акказинович

**Катысқан:** Жобаларды сүйемелдеу департаментінің директоры Тұрсын Әлішер Әбдімәлікұлы.

Қоғамдық кеңесінің хатшысы: Бакаева Ш.М.

Отырысты өткізу үшін кворум сақталған.

**Күн тәртібі:**

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-ның жобаларды сүйемелдеу департаментімен жұмыс кездесуі.

**Күн тәртібіндегі мәселе бойынша** жобаларды сүйемелдеу департаментінің директоры Тұрсын Әлішер Әбдімәлікұлы баяндама жасады және атқарылып жатқан жұмыстар туралы презентация ұсынды.

Тындау қорытындысы бойынша Қоғамдық кеңес мүшелері келесі сұрақтарды қойды:

- 1) Қоғамда жобаларды сүйемелдеу департаменті қандай мақсатпен құрылды?
  - 2) Қоғам инфракұрылымды дамытуға баса назар аудара ма?
  - 3) Инвесторларға арналған нұсқаулықта не қарастырылған?
  - 4) Ішкі инвесторларға әртүрлі кедергілерді еңсеруде колдау көрсету мүмкін бе?
  - 5) Көлік саласы бойынша сүйемелдеу стратегиясы бар ма?
  - 6) Даму жоспарын орындамау себептерінің анықтамасы бар ма?
  - 7) Қоғамдық кеңес стратегиялық құжаттарды әзірлеуге қатыса ала ма?
  - 8) Инвестициялық жобалар тізімі бар ма?
  - 9) Ағымдағы сұраныстар бойынша прогресс бар ма? Барлық кездесулердің нәтижесін бағалауға бола ма?
  - 10) Жобалық қызметті ұйымдастыру процесі қандай?
  - 11) Соңғы үш жылда ірі жобалар бойынша қандай нәтижелер болды? Статистика бар ма?
  - 12) Автогриль жол бойындағы сервис ретінде тартыла ма немесе оларға бөлек жер участкерлері беріле ме?
  - 13) Бизнес кеңесі қалай құрылады және оның қандай функциялары бар? Ол қай органға тиесілі?
  - 14) Қоғам инвестициялық қызметпен айналысатыны қайда көрсетілген?
  - 15) Қандай жобалар сүйемелденуде? Мемлекеттік қызмет түрі ретінде форма бар ма немесе қалай жүзеге асады?
  - 16) Көлік мәселесі қалай шешілуде? Автобус сатып алуға қызығушылық танытқан кәсіпкерлер бар ма?
  - 17) Автобустарды сатып алу бойынша бизнес өкілдерінің пікірін білдіру үшін мемлекеттік органдар және жергілікті атқарушы органдармен кездесу ұйымдастыру мүмкін бе?
  - 18) Институционалдық аланда қандай да бір көмек көрсете аламыз ба?
  - 19) Департаменттің қызметінен қандай әсер болады?
  - 20) Жобалар пулына кіру мүмкін бе?
  - 21) Қоғамда функционал қалай бөлінеді?
  - 22) Оффайн кездесуге, дөңгелек үстелге қатысасыздар ма?
- Тұрсын Ә.Ә. сұрақтарға жауап беріп, сондай-ақ Қоғамдық кеңеске жазбаша Қоғамның атына Қоғамдық кеңестің жазбаша ұсынымдары мен ұсыныстарын одан әрі қарau және енгізу (мүмкіндік болған жағдайда) не тиісті мемлекеттік органдарға жіберу үшін жіберу ұсынылды.
- Күн тәртібіндегі мәселені қарастыру нәтижесінде Қоғамдық кеңес мүшелері 2024 жылғы 15 желтоқсанға дейін талқылау өткізді. Осылан

байланысты, бюллетендерді дауыс беруге жіберу және әрбір Қоғамдық кеңес мүшесінің жазбаша пікірін сұрату туралы шешім қабылданды.

Қоғамдық кеңес мүшелерінің дауыс беру үшін бюллетендерді тапсырудың соңғы мерзімі: 2024 жылғы 24 желтоқсан, сағат 13.00. Дауыс беру нәтижелерін санау күні: 2024 жылғы 24 желтоқсан, сағат 14.30.

Жазбаша түрде пікірі бар ұсынылған бюллетень болмаған жағдайда, Қоғамдық кеңес мүшесі келесі шешімді «Қолдап» дауыс берді деп есептеледі:

1. Ұсынылған ақпаратты назарға алу, жазбаша сұрау салу мен ұсынымдарды қалыптастыру және оларды одан әрі қарау және олар бойынша Қоғамның құзыretі шенберінде тиісті шешімдер қабылдау үшін Қоғамға жіберу.

### **Күн тәртібі мәселесі бойынша бюллетендерге сәйкес дауыс беру қорытындылары және қабылданған шешім:**

Қоғамдық кеңес мүшелерінің бюллетендері нәтижесінде келесі шешім қабылданды:

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ жобаларды сүйемелдеу департаменті ұсынған ақпаратты назарға алу.

2. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ құзыretі шенберінде олар бойынша тиісті шешімдерді одан әрі қарау және қабылдау үшін «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-ға жазбаша сұрау салу мен ұсынымдар енгізу.

Дауыс беру нұсқалары	Дауыс саны
«қолдады»	12
«қарсы»	1*
«қалыс қалды»	0
Шешім көпшілік дауыспен қабылданды	

\* Қоғамдық кеңестің мүшесі А. Нуркебаева келесі мәселелер бойынша алғынған ақпараттың болмауына байланысты шешім қабылдауға қарсы дауыс берді:

1. Жобаларды сүйемелдеу департаментінің негізгі мақсаттары мен функциялары?

2. Ағымдағы және перспективтің міндеттер тізімі?

3. Жұмыстың негізгі бағыттары және тиімділікті бағалау критерийлері?

4. Қолдау/сүйемелдеу алу үшін инвестициялық жобаларды іріктеудің немесе бағалаудың бекітілген критерийлері бар ма?

5. Сыртқы серіктестермен өзара әрекеттесу және ынтымақтастық мүмкіндіктері?

6. Сіздің іс-әрекеттіңізді түсіндіретін қосымша материалдар (бар болса)?

Қоғамдық кеңес отырысының күн тәртібіне қойылған барлық мәселелер қаралды. Олар бойынша осы Хаттамаға қол қойылғаннан кейін З (үш) жұмыс күні ішінде Қоғамның ресми интернет-ресурсында жарияланатын шешімдер қабылданды.

Қоғамдық кеңесінің  
Төрағасы

 Г. Оспанова

Қоғамдық кеңесінің  
Хатшысы

 Ш. Бакаева